

## «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы корпоративтік менеджмент жүйесінің САЯСАТЫ

(сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласы бойынша)

### 3 редакциясы

«Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары – құрамына энергетикалық және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары кіретін, ірі көпсалалы энергетикалық компаниялар тобы.

Компаниялар тобы қызметінің негізгі түрлері электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және бөлу, сенімді энергиямен жабдықтау, көмір өндіру және сату, сондай-ақ жаңа өндіруші қуаттарды, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін кеңейту және салу болып табылады.

Қазақстандағы энергетика саласының Көшбасшысы болуға ұмтыла отырып, акционерлер үшін құн құра отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму, экологиялық жолымен өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыра отырып, орнықты даму қағидағтарын басшылыққа ала отырып, Компаниялар тобы барлық мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып, даму сценарийлерінің көпварианттылығы негізінде басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдайды, сондай-ақ сапалы басқаруды, денсаулықты қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті өз қызметіндегі басты басымдықтар деп санайды, және осы мақсатта корпоративтік басқару жүйесін қолдайды және дамытады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Миссиясының іске асырылуын, Пайымдауына, стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қызметіміздің, сондай-ақ іске асырылып жатқан жобалардың күрделілігі мен маңыздылығын түсіне отырып, біздің компаниялар тобы өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық және ұлттық стандарттарда белгіленген барлық қолданылатын нормалар мен талаптарды мүлтіксіз сақтау, сондай-ақ сапалы басқару, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді пайдалану;

- корпоративтік менеджмент жүйесін және оның үдерістерін тұрақты негізде қолдау және жетілдіру арқылы қызмет тиімділігін арттыру;

- қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлер мен мүдделі тараптардың денсаулығына әсер ету қаупін азайта отырып, олардың себептерін жоюға барлық мүмкін болатын күш-жігерді жұмсай отырып, қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын, сондай-ақ жабдықтардың заманауи түрлерін, өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәжірибелерді, жаңа техникалар мен технологияларды, ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қамтамасыз ету;

- қызметкерлермен консультациялар өткізу және олардың денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке қатысуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты қалыптастыруға, сондай-ақ Компаниялар тобы мен мердігерлік ұйымдар ішінде денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы үздік практикалар мен тәжірибелерді көтермелеу, дамыту және тарату;

- қауіпті өндірістік объектілерде қызмет атқаратын мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды еңбек қауіпсіздігі, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету салалары бойынша тиімді басқару, оқыту, бақылау;

- атмосфераға ластаушы заттар мен парниктік газдар шығарындыларын азайту, өндіріс қалдықтарын қалыптастыру және ағынды суларды ағызу және биоәртүрлілікке әсерді азайту арқылы, сондай - ақ объектілер жабылғаннан және табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланғаннан кейін жерді қалпына келтіру, энергия және ресурс үнемдейтін, қалдықтары аз және экологиялық қауіпсіз технологияларды, жабдықтар мен материалдарды енгізу арқылы қоршаған ортаға теріс әсердің азайтылуын қамтамасыз ету;

- климаттың өзгеруіне бейімделу және қоршаған ортаға ықтимал зиянды шаралардың өтелуі бойынша шаралар қабылдау;

- өндіріс қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды қайталама пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

- суды басқару процестерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету, суды үнемдеу және айналымдағы сумен жабдықтау жобаларын енгізу, су тапшылығына байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару;

- меншікті және/немесе тәуелсіз аккредиттелген зертханалардың күшімен қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізілуін қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және биоалуантүрлілікті қорғау саласында білімді одан әрі жинақтау және инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін зерттеу бағдарламалары мен салалық серіктестік жұмыстарына қатысу;

- сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген және жануарлардың бағалы түрлерінің тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметті жүзеге асырмауға, сондай-ақ экологиялық сезімтал аумақтарда жұмыстарды іске асыру кезінде тәуекелдерге бағалау жүргізу;

- «таза шығынды» азайту/болдырмау мақсатында биоалуандылықты қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды және өзге де қалпына келтіру іс-шараларын (аумақты көгалдандыру, су айдындарына балық жіберу, балық қорғау бойынша құрылыс жйларын салу/қолдау) жүргізу;

- төтенше жағдайларға дайындықты және оларға ден қоюды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының талаптарына сәйкес банктің кепілдігі немесе банк салымының кепілі түрінде қатты пайдалы қазбаларды өндіру бойынша салдарларды жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

- жоспарлау сатысынан бастап тарату сатысына дейін биоәртүрлілікке әсерін бағалауды қоса алғанда, Компаниялар тобының қоршаған ортаға өндірістік қызметіне қатысты экологиялық бағалау жүргізу;

- адамның қолайлы қоршаған ортаға конституциялық құқықтарын тану;

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу және енгізу, сондай-ақ энергияны тиімді пайдаланатын, энергетикалық сипаттамаларды жақсартатын жабдықтарды, өнімдер мен қызметтерді сатып алу арқылы өндірістің энергетикалық тиімділігін арттыру;

- жаңартылатын энергия көздерін дамыту;

- ақпаратты тарату, беру және сақтау формасы мен әдісіне қарамастан ақпараттың үздіксіз қорғалуын қамтамасыз ету;

- Компаниялар тобы қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және күнделікті қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кезінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерінде көрінуіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз қызметтер арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттер мен іс-шаралардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

- туындауы мүмкін дау-дамайдан қорықпай сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты жағдайлары туралы бастамашылық хабарлауды қолдау;

- сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа және ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздікті алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы көшбасшылық пен міндеттемелерге ұмтылу, сондай-ақ қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін барлық деңгейлерде озық тәсілдерді енгізу бойынша көшбасшылық пен бастамаларға ұмтылысты қолдау;

- қызметкерлердің сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, ақпараттық қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке белсене қатысуы мен хабардар болуын арттыру;

- олардың пікірі мен мүдделерін ескере отырып, сапалы басқару, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен консультациялар жүргізу, өзара іс-қимыл жасау және тиімді коммуникацияларды қамтамасыз ету, оның ішінде негізгі оқиғалар мен инциденттер туралы уақтылы хабардар ету;

- қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті іс-шараларды орындау үшін ақпараттың тұтастығын, қолжетімділігін және жеткілікті ресурстарды қамтамасыз ету;

- қолданыстағы құқықтық актілер мен стандарттарды әзірлеуге, сондай-ақ сапалы басқару, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге қатысу;

---

- жергілікті халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, гендерлік теңсіздікке, биологиялық әртүрлілікке және мәдени мұра объектілеріне әсер ету мәселелері бойынша біздің қызметімізге байланысты тәуекелдерді басқару;

- басшылардың көшбасшылығы мен жауапкершілігін арттыру және сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы білім деңгейі арқылы корпоративтік мәдениетті арттыру;

- қызметкерлердің біліктілігін арттыру, ынталандыру жүйесін дамыту, әлеуметтік қолдау көрсету және компаниялар тобында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау;

- қызмет бойынша қатысу өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету;

- флора мен фаунаны қалпына келтіру бойынша үздік халықаралық тәжірибелерді зерделеу арқылы, оның ішінде қоршаған ортаны және биоалуандылықты сақтау саласында серіктестік қатынастарды дамыту;

- «Самұрық-Энерго» АҚ Жылдық есебінде өз қызметі туралы ақпаратты жыл сайын ашуды қоса алғанда, Компаниялар тобының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

- сапалы басқару, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, энергия тиімділігі, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, ақпараттық, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша басшылықтың қарауына тұрақты негізде есептілік ұсыну және корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру жолдарын анықтау үшін мерзімді талдау жүргізу.

---

**Осы Саясат корпоративтік менеджмент жүйесі саласындағы мақсаттар мен іс-шараларды белгілеу мен талдау және оны барлық басқару деңгейлерінде жетілдіру үшін негіз болып табылады.**

**Осы Саясат «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясына сәйкес келеді және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, оны іске асыру құралы болып табылады.**

**Осы саясаттың талаптарын орындамау Компаниялар тобы қызметінің тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.**

**Компаниялар тобының әрбір қызметкері өзінің және айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін операцияларды тоқтатуға және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы бола отырып, өзінің жеке қауіпсіздігі мен айналасындағылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінеді және қабылдайды.**

**Компаниялар тобының басшылығы барлық қызметкерлерді корпоративтік менеджмент жүйесін қолдау және жетілдіру процесіне тарту үшін жағдай жасай отырып, осы Саясатты іске асыру үшін өзіне жауапкершілік алады.**

**Компаниялар тобының мүддесі үшін жұмыс атқарып және қызметтер көрсететін барлық қызметкерлер, жеке және заңды тұлғалар осы міндеттемелерді білуге және оларды өз қызметінде ұдайы ұстануға тиіс!**

